

Инвестициялық келісімшарт шеңберінде импорты қосылған құн салығынан босатылған шикізат және (немесе) материалдар тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 140 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 10 сәуірде № 16736 болып тіркелді.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 399-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына және 451-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Инвестициялық келісімшарт шеңберінде импорты қосылған құн салығынан босатылған шикізат және (немесе) материалдар тізбесі бекітілсін.

2. "Импорты инвестициялық келісімшарт шеңберінде қосылған құн салығынан босатылатын шикізаттың және (немесе) материалдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 28 сәуірдегі № 408 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13813 болып тіркелген, 2016 жылғы 1 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан

Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б.Сұлтанов

2018 жылғы 28 ақпан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Т.Сүлейменов

2018 жылғы 13 наурыз

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2018 жылғы 27 ақпандағы
№ 140 бұйрығымен
бекітілген

Инвестициялық келісімшарт шеңберінде импорты қосылған құн салығынан босатылған шикізат және (немесе) материалдар тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 18.02.2025 № 11-1-4/83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Атауы	ЕАЭО СЭҚ ТН кодтары*
1	Тамаққа пайдалануға арналған өнімдер өндірісінен басқа, зығыр майлары және оның техникалық немесе өнеркәсіптік қолдануға арналған өзге де фракциялары	1515191000
2	Хлорит	2530100000
3	Кизерит, эпсомит (табиғи магний сульфаттары)	2530200000
4	Тақта тасты битумдар	2714100000
5	Асыл (инертті) газдар (аргоннан басқа)	280429

6	Бейорганикалық қышқылдар, фторсутекті (плавикті) қышқылдан басқа	281119
7	Бор оксидтері; бор қышқылдары	281000
8	Механикалық қоспалардан басқа, жасанды корунд	281810
9	Иодидтер және иодоксидтер	2827600000
10	Бромидтер	2827510000
11	Бромоксидтер	2827590000
12	Фторидтер; фторсиликаттар, фторалюминаттар және фтордың өзге де кешенді тұздары	2826
13	Өзге де жай эпоксидтер, эпокиспирттер, эпоксифенолдар, эпоксиэфирлер және олардың галогенделген, сульфитталған, нитрленген немесе нитрозыланған туындылары	2910
14	Оттекті функционалдық топты қамтитын аминқосылыстары, лизин және глютамин қышқылынан басқа	2922
15	Үшэтанолламин және оның тұздары	2922150000
16	Жасанды графит; (коллоидты немесе жартылай коллоидты графит; графит негізіндегі өнімдер)	3801100000
17	Микроағзаларды өсіруге арналған өсімді орталар	3821000000
18	Бастапқы пішіндегі өзге де аминді-альдегидті шойырлар	3909300000
19	Құрылыста, тау ісінде немесе өнеркәсіпте пайдаланылатын көлік құралдарына және машиналарға арналған жаңа пневматикалық резеңке шиналар мен қақпақшалар	4011800000
20	Ауыл шаруашылығы немесе орман шауашылығы көлік құралдарына және машиналарға арналған жаңа пневматикалық резеңке шиналар мен қақпақшалар	4011700000
21	Қаптық, бекітпе немесе кеңірдектелген, бедерленген немесе бедерленбеген, тесілген немесе тесілмеген крафт-қағаз, орамдарда немесе парақтарда	480840001

22	1 шаршы метр салмағы 150 граммнан аспайтын өзге де борланбаған қатырма қағаз	4805910000
23	Жабынды қатырма қағазға арналған қағаз және қатырма қағаз-негіз	4805500000
24	Бекітпе, кеңірдектелген немесе бедерленген крафт-қағаз (қаптан басқа)	4808400009
25	Қапталған, сіндірілген немесе полимерлі материалдармен ламинатталған (желімдерді қоспағанда) ақталған қағаз және қатырма қағаз, 1 шаршы метр салмағы 150 граммнан артық қағаз және қатырма қағаз, орамдарда немесе парақтарда	481151000
26	Бөлшек сауда үшін бөлек оралмаған, тарақпен түтілмеген талшықтардан жасалған мақта-маталы иірімжіптер	5205
27	Үстіңгі бетінің тығыздығы 200 грамм/шаршы метр артық, түрлі-түсті иірімжіптерден жасалған (деним маталарынан басқа), техникалық және өнеркәсіптік пайдалануға арналған мақта-маталы маталар	5209490000
28	Өңделген, бірақ иірілмеген джут және өзге де тоқыма талшықтары, зығыр, кәдімгі кендір және рамиден басқа	5303900000
29	Джут немесе өзге де қабықты тоқыма талшықтарынан жасалған иірімжіптер, өзге де өсімдік тоқыма талшықтарынан жасалған иірімжіптер және қағаз иірімжіптер	5307200000
30	Бөлшек сауда үшін оралмаған, полиэфирлерден жасалған өте мықты филаментті жіптер	5402200009
31	Арамидтерден жасалған синтетикалық жіптер жгуты	5501100001
32	Кардомен, тарақпен түтілмеген немесе иіруге басқаша дайындалмаған синтетикалық талшықтар, өзгелері	5503900000
33	Бөлшек сауда үшін бөлек оралмаған, жасанды	5510

	талшықтардан жасалған иірімжіптер (тігін жіптерінен басқа)	
34	Тежеуіштерге, муфталарға және ұксас бұйымдарға арналған құрастырылмаған күйдегі фрикциялық материалдар	6813
35	Шыны талшығынан жасалған таспалар, түзеткіш, иірімжіптер және шабылған тұлымдар	701919
36	Масса немесе қауыз түрінде, тоқыма емес талшықтардан жасалған бұйымдар	701939000
37	Шыны талшықтарынан жасалған маталар (енсіз маталарды қоса)	7019590000
38	Шыны талшығынан жасалған құбырларды оқшаулауға арналған аратөсемдер мен орамдар	7019900002
39	Құрамында Mn (марганец) 0,1% кем, фосфоры аз легіренбеген құйма шойын	7201109000
40	Феррованадий	7202920000
41	Феррониобий	7202930000
42	Ені 600 миллиметрден кем алюминий мырышталған илек	721250
43	Ені 600 миллиметрден асатын алюминий мырышталған илек	721061000
44	Легіренбеген болаттан жасалған ені 600 миллиметрден кем ыстықтай илектеліп одан әрі өңделмеген жазық илек	7211190000
45	Құрамында салмағы бойынша көміртегі 0,6% артық легіренбеген болаттан жасалған, суық күйінде әрленіп өңдеуге ұшыраған сортты және жолақты илек	721123
46	Құрамында салмағы бойынша көміртегі 0,25% кем легіренбеген болаттан жасалған, суық күйінде әрленіп өңдеуге ұшыраған жолақты илек	7210
47	Құрамында салмағы бойынша көміртегі 0,6% кем емес легіренбеген болаттан жасалған, қалайыланған сым	7217309000
48	Тоттанбайтын болаттан жасалған ені 600 миллиметрден кем емес	7219

	суықтай илектеліп одан әрі өңделмеген жазық илек	
49	Тоттанбайтын болаттан жасалған, суықтай илектелген, ені 600 миллиметрден кем, жабылмаған жазық илек	7220908009
50	Тоттанбайтын болаттан жасалған, орамада бос оралған ыстықтай илектелген өзектер мен шыбықтар	722100
51	Кремнийлі электр болаттан жасалған ені 600 миллиметрден кем емес жазық илек	722519
52	Өзге де легіріленген болаттан жасалған ені 600 миллиметрден кем емес ыстықтай илектеліп одан әрі өңделмеген жазық илек	722550
53	Кремнийлі электр болаттан жасалған ені 600 миллиметрден кем жазық илек	722619
54	Өзге де легіріленген болаттан жасалған, штампталған, ыстықтай илектелген, ыстықтай созылған, ыстықтай сығымдалған, бірақ одан әрі өңделмеген (илектен соң ширатылғанды қоса), басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де өзектер мен шыбықтар	722810
55	Бұрғылау жұмыстарына арналған іші қуыс өзектер	7228800000
56	Болаттан жасалған дәнекерлеу профильдері және шпунтты конструкциялар	7301100000
57	Ауыр профильдер (ыстықтай илектелген швеллерлер, қоставрлар және биіктігі 80 миллиметрден кем емес кең сөрелі қоставрлар)	7216690000
58	Көміртекті болаттан жасалған қимасы дөңгелек суықтай созылған немесе суықтай илектелген құбырлар	730451
59	Легіріленген болаттан жасалған, қимасы дөңгелек, суықтай созылған немесе суықтай илектелген, суық күйінде илектелген құбырлар	730451
60	Коррозияға төзімді жұқа қабырғалы жіксіз құбырлар	7304
	Дәнекерленген, сыртқы диаметрі 406,4 миллиметрден артық, газ	

61	құбырларына арналған болат құбырлар	7305
62	Сыртқы диаметрі 406,4 миллиметрден аспайтын, мұнай немесе газ ұнғымаларын бұрғылау барысында қолданылатын болаттан жасалған дәнекерлейтін, дөңгелектеп кесетін сорғылы-сығымдауыш және қондыру құбырлары	7304240005
63	Ашық жікті немесе тойтарылған немесе осыған ұқсас тәсілмен біріктірілген, сыртқы диаметрі 406,4 миллиметрден аспайтын өзге де болат құбырлар мен түтіктер	7306
64	Күю құбырлары және құбырлар фитингтері	730711
65	Шыңдалған құйма шойыннан жасалған құбырлар және құбырлар фитингтері	730719
66	Алюминийден жасалған балкондардың, лоджиялардың марштардың және саты аландарының қоршаулары	761090
67	Қара металдардан жасалған, буындары дәнекерленген шынжырлар, кергішті жалпақ буынды шынжырлардан басқа	7315
68	Тоттанбайтын болаттан жасалған оймакілтекті және крест тәрізді оймакілтекті бұрамалар	7318155100
69	Тоттанбайтын болаттан жасалған алтықырлы басы бар бұрамалар	7318156100
70	Қара металдардан жасалған тойтармалар, жартылай қуыстыны қоса, жалпы пайдаланудағы түтікшелі немесе қосарланған тойтармалардан басқа	731823000
71	Суық әдіспен өңделген, болаттан жасалған бұралу серіппелерін және бұралған серіппелерді қоса, болат шиыршықты серіппелер, қысумен және созумен жұмыс істейтін шиыршықты серіппелерден басқа	732020
72	Болат сымнан жасалған имелі серіппелер	7320909008
73	Басқа топтамаларға енгізілмеген, мыстан жасалған бұйымдар	7419

74	Цементтелген мыс, ұнтақтардан басқа	7401000000
75	Мыс пен никель және мырыш (нейзильбера) негізіндегі мыс қорытпаларынан жасалған шыбықтар, өзектер және профильдер	7407211000
76	Мыс пен никель (купроникель) негізіндегі мыс қорытпаларынан жасалған шыбықтар, өзектер және профильдер	7407290000
77	Тазартылған мыстан жасалған, көлденең қимасының ең жоғарғы өлшемі 0,5 миллиметрден аспайтын сым, сыммен күшейтілген арқансым немесе арқаннан, көпжелілі сым мен кабельден басқа	7408199000
78	Негізі мыс қорытпаларынан жасалған, негізін есептемегенде, қалыңдығы 0,15 миллиметрден аспайтын жұқалтыр	7410220000
79	Мыс пен никель (купроникель) немесе мыс, никель мен мырыш (нейзильбер) негізіндегі қорытпалардан жасалған құбырлар мен түтіктер	7411220000
80	Басқа топтамаларға енгізілмеген, мыстан жасалған бұйымдар	7419999000
81	Құбырлар мен түтіктерге арналған мыс фитингтер (муфталар, иіндер, фланецтер, штуцерлер)	7412
82	Өңделмеген никель	7502
83	Никель ұнтақтары мен қабыршақтары, никель оксидтері агломераттарынан басқа	7504000009
84	Никель мен никель қорытпаларынан жасалған шыбықтар, өзектер мен профильдер	7505120009
85	Никель мен никель қорытпаларынан жасалған сымдар	7505220000
86	Никель қорытпаларынан жасалған тақталар, табақтар, жолақтар, лента, жұқалтыр, кесіліп-тартылған табақтан басқа	7506200009
87	Қосындыланбаған никельден жасалған құбырлар мен түтіктер	750711000
	Легірленбеген алюминийден жасалған, қалыңдығы 0,2	

88	миллиметрден артық, боялған, лакталған немесе пластикпен жабылған тақталар, табақтар, жолақтар мен ленталар	7606111000
89	Легіріленбеген алюминийден жасалған, қалыңдығы 0,2 миллиметрден артық тақталар, табақтар, жолақтар мен ленталар	760611
90	Алюминий қорытпаларынан жасалған, қалыңдығы 0,2 миллиметрден артық тақталар, табақтар, жолақтар мен ленталар	760612
91	Қалыңдығы 0,2 миллиметрден аспайтын (негізді есептемегенде) одан әрі өңделмеген алюминий фольгасы	7607
92	Қалыңдығы 0,2 миллиметрден аспайтын (негізді есептемегенде) алюминий фольгасы	7607
93	Құбырлар мен түтіктерге арналған алюминий фитингтер (муфталар, иіндер, фланецтер)	7609000000
94	Өзге де өңделмеген қорғасын	7801999000
95	Бояулар мен бояғыштар, оқшауланған электр сымдары ретінде қолдануға арналған ұнтақтар мен қабыршақтардан басқа, қорғасын ұнтақтары мен қабыршақтары	7804200000
96	Қорғасыннан жасалған тақталар, табақтар, жолақтар, ленталар мен жұқалтыр	7804190000
97	Мырыш қорытпалары	7901200000
98	Мырыш ұнтақтары мен қабыршақтары	7903900000
99	Мырыш тақталар, табақтар, жолақтар, ленталар, жұқалтыр	7905000000
100	Қалайы шыбықтар, өзектер, профильдер мен сымдар	8003000000
101	Бағалы емес металдардан жасалған аспалы құлыптардың және өзге де құлыптардың бөліктері	8301600009
102	Ілгектер, сақиналар, шығыршықтар	8308100000
103	9405 тауарлық позициядағы бұйымдардан басқа, бағалы емес металдардан жасалған көрсеткіштері, атаулары, нөмірлері, әріптері, мекенжайы	8310000000

	бар маңдайшалар және ұқсас маңдайшалар	
104	Қуаттылығы 100 киловаттан аспайтын қысыммен тұтанатын кемелік тартымды піспекті іштен жанатын қозғалтқыштар	8408103900
105	Іштен жанатын дизельді автомобильдік қозғалтқыштарға арналған бүрку жүйелері	8409
106	Турбореактивті және турбовинттік қозғалтқыштардың бөліктері	8411910008
107	Күш беретін гидравликалық сызықтық әсер ету қозғалтқыштары мен қондырғылары (цилиндрлер)	841221
108	Гидравликалық айналмалы қозғалтқыштар	841229200
109	Өзге де көлемді роторлы сорғылар ; гидравликалық күшті	841360
110	Қуаттылығы 0,4 киловаттан аспайтын тоңазытқыш жабдықтарына арналған сығымдағыштар	8414302009
111	Орталықтан тепкіш көлемді көп білікті сығымдағыштар	841480
112	Метал өңдеуге арналған арнайы мақсаттағы механикалық машиналар мен құралдар	8479810000
113	Құйма шойыннан жасалған өтпелі шұралар	8481
114	Қуаттылығы 375 киловаттан артық тұрақты токтың электр қозғалтқыштары мен генераторлары	8501200009
115	Басқа топтамаларға енгізілмеген, қуаттылығы 1 киловольт-амперден аспайтын өзге де трансформаторлар	8504312909
116	Өзге де электр аккумуляторлар	8507108009
117	Электр шамдар және өзге жарық беретін құрылғылар	8539100009
118	Мотоциклдерге немесе автокөлік құралдарына арналған шыны тазалағыштар, мұз тұруға және булануға қарсы жабдықтар	851240000
119	Мотоциклдерге немесе автокөлік құралдарына (велосипедтерден басқа) арналған дыбыстық сигнал беретін құрылғылар	851230100

120	Композициялық немесе пленкалы тұрақты көміртекті резисторлар	8533100000
121	Басқа топтамаларға енгізілмеген айнымалы резисторлар (реостаттар мен потенциометрлерді қоса алғанда)	853340
122	Айнымалы сымдық резисторлар	853339
123	72,5 киловольттан жоғары кернеуге автомат сөндіргіштер	8535290000
124	1000 Вольттан жоғары кернеуге балқығыш сақтандырғыштар	8535100000
125	1000 Вольттан аспайтын кернеуге өзге де автоматты сөндіргіштер	853620
126	Айырып-қосқыштар, өзгелері	853650
127	Шамдарға арналған өзге патрондар, штепсельдер, розеткалар	853669
128	Қуаты 100 Вольттан аспайтын өзге де қыздыру шамдары	8539299800
129	Көмір электродтары (электр пештеріне арналған электродтардан басқа)	8545909000
130	Қыштан жасалған электр окшаулатқыштар	8546200000
131	Жүретін доңғалақтар және олардың бөліктері мен керек-жарақтары	8708709909
132	Тежегіштік өзге де жапсырмалар	8708309909
133	Кез келген материалдан жасалған призмалар, айналар және өзге де оптикалық элементтер	9001900000
134	Жазу құрылғысы жоқ электр шамаларды өлшеуге арналған аспаптар мен аппаратура	903033
135	Аспаптар, құралдар және машиналар өзгелер; электрондылар	9031803200
136	Автомобильдерге арналған орындықтар	940120000
137	Құрғақ өнімді қайта есептегенде құрамында салмағы 20 %-дан немесе одан да көп марганец бар темір марганец кенін және концентраттарды қоса алғанда, марганец кендері мен концентраттары	2602000000
138	Бейметалдардың оттегімен, бейорганикалық өзге де қосылыстары	2811299000

139	Басқа сульфидтер	2830908500
140	Басқа хроматтар мен дихроматтар; пероксохроматтар	2841500000
141	Мочевинамен қатайтылған немесе қатайтылмаған сутегі асқын тотығы	2847000000
142	Қымыздық қышқылы, оның тұздары мен эфирлері	2917110000
143	Тиурам моно-, ди- немесе тетрасульфидтер	2930300000
144	Дөңгелек қимасының диаметрі 14 миллиметрден аз темір немесе легирленбеген болаттан жасалған борпылдақ орамдардағы ыстықтай илемделген шыбықшалар	721391
145	Өңделмеген марганец, ұнтақтар	8111001100

* Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЕАЭО СЭҚ ТН – Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауарлық номенклатурасы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК